

Салықов К.

Евней Бөкетов – шығармашылық пен қайырымды істердің шыңы / Кәкімбек Салықов // Орталық Қазақстан. – 2004. – 17 сәуір (№74-75).

Қарағанды мемлекеттік университетінің бірінші ректоры және оның негізін қалаушы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик Евней Арыстанұлы Бөкетов көрнекті ғалым ретінде Қазақстанның химия-металлургия ғылымында басты тұлға болды. Қазақстан Ғылым академиясының бірінші президенті Қ.Сәтбаев оны отыз бес жасында Қарағанды қаласындағы ҒА химия-металлургия институтына директор етіп жібереді. Мұнда ол он екі жыл бойы өз қызметін өте жоғары деңгейде атқарды. Қазақ кен-металлургия институты директорының бұрынғы орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты өзіне сеніп тапсырылған жұмысқа батыл әрі құштарлықпен кірісіп кетеді.

Сол кезеңдерде Е.Бөкетов өзінің негізгі мамандығымен қатар әдеби сыншы ретінде де таныла бастаған болатын. Орыс және шетел жазушылары мен ақындарының бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударып үлгерген-ді. Сол кездің өзінде-ақ оның есімі жарқырап жанған жарық жұлдыздай белгілі еді. Осы жерде А.Эйзенштейннің мына бір пікірі ойға оралады: «Ғылыми ойлауда поэзияның элементі әркезде болады. Нағыз ғылым мен нағыз музыка біртекті ойлау машығын талап етеді. Демек, барлық құпия осы «ойлау машығының біртектілігінде» жатса керек».

Қ.Сәтбаев пен Е.Бөкетовке қандай қасиеттер ортақ? Екеуі де мақсат пен арман-мұраттарын нақты нәтижемен сабақтастыра білді. Сәтбаевтің өмір жолын ұзақ зерттеу нәтижесінде мен осы бір ұлы адамның өмірі мен ақыл-ойы ғылым мен өндірісті жүйелі дамыту үрдісіне бағытталған деген тоқтамға келдім. Бұлар: түрлі металдарды іздеу мен барлау, оларды зерттеу мен өңдеу және байыту, ірі индустриалды буындар мен халық, шаруашылығын индустриаландырудың барлық кешенді жүйесін құру. Бөкетов осы жүйеге химик-металлург ретінде қатысып, үлкен буынның бір жауапты саласын жүргізді, ол сирек металдар металлургиясын басты мұрат тұтып, мысты қорыту мен сапасын жақсартуға, сондай-ақ концентраттардан, шөгінділер мен металлургиялық процесс газдарынан барлық компоненттерді кешенді түрде шығарып алуға бағытталды. Кейіннен ол көмірді гидрогенизациялау, синтетикалық мұнай алу секілді күрделі проблемаларға ауысып, бірте-бірте мұнай өңдеу заводтарында сол көмір сутектерін, табиғи мұнай сияқты мұнай өнімдерін алу мәселелерін қолға алды. Екеуі де табиғат ресурстарын тиімді пайдалану үшін қарапайым міндеттерден күрделі проблемаларға көшіп отырды.

Евней Арыстанұлы адамдарға деген ықыласымен ерекшеленген тұлға. Оның мінез-құлқында этикалық нормалардың барлық бояуы – өзін-өзінұстау, салт-дәстүрді сақтау және этиканың тамаша бір талаптары мол болатын. Осы бір қарапайым әрі нар тұлғалы адамның өн бойында ана сүтімен бірге

жоғары мәдениеттілік, қарапайымдылық пен ізеттілік қасиеттер қандай көп еді. Бұл қасиеттер оның бүкіл өмірі мен шығармашылық қызметінің қадір-қасиетін арттыра түсті. Ол өзінің ұстазы секілді маңайына жақсы мамандарды, ғалымдар мен еңбек етуге ынталы ұжымды шоғырландыра білді.

Мен оны жан-жақты таныдым, оның да, менің де достарымның арасында көп пікірлестік. Мені, ең алдымен, таң қалдырғаны оның энциклопедиялық білімі, талантының сан-қырлылығы, қарапайымдылығы әрі кез келген адамды өзіне қарай үйіре білетін жан жылулығы. Оның осы мінездері алып тұлғасымен қалай үйлесетініне таңданбаған пенде жоқ болар. Мінез-құлқы мен іс-әрекетінде ешқандай жасандылық болмайтын, ол баппен ағып жатқан үлкен айдынды өзенге ұқсап тұратын. Әңгімелескен адамын әжесінің ертегісіне ұйыған жас баладай асқан құмарлықпен тыңдайтын. Адамдар оған, өзі де адамдарға сенетін, ұжымнан өзін бөлек ұстамайтын.

Евней Арыстанұлы элитарлық эпархияның ең зиялы адамы еді. Ол баппен сөйлегенде, бар болмысыңмен беріліп кеткенінді өзің де байқамай қаласың. Оның шешендік өнерінің өзі бір тұңғық әлем еді. Евекеңмен әрбір кездескен сайын рухани жағынан байып шығатын еді адамдар.

Бірде, 1970 жылдардың соңында Евней Арыстанұлы менің А.Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасын қазақ тіліне аудару бастағанымды естігеннен кейін, менің бұл бастамамды қуана қолдап, осы дастанды ауызша оқып берді. Мен оның есте сақтау қабілеті мен мәнерлеп оқу шеберлігіне тәнті болдым. Ол поэманы оқыған кезде студенттік жылдары талай рет естіген Пушкин шығармаларын мәнерлеп оқудың мәскеулік шеберлерінен әсте кем түскен жоқ. Ол «Евгений Онегинді» пушкинтанушы тәжірибелі профессордың классикалық лекциясындай барлық проблемалары мен образдары бойынша жан-жақты әңгімелеп берді. Пушкин тілінің қиындығына тоқталып, олардың мәнін ежелгі ресей тілінің маманы ретінде түсіндіріп бергені әлі күнге дейін есімде.

Е.Бөкетов ұлы адамдардың шығармаларын талдау кезінде ғана емес, барлық ғылыми, педагогикалық және өмірлік кейбір жайларды тереңінен талқылауға бейім тұратын. Мені Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлағанда, арнайы құттықтап, былай деген еді: «Адамдар әзірге мақтаудан өлген жоқ, жөн-жосықсыз сыннан инфаркт алады». Осы бір даналық ой бүкіл өмірімде, әсіресе партиялық және қоғамдық қызметте әрдайым жадымнан өшкен жоқ.

Евней Арыстанұлының өмірі мен шығармашылығы туралы көлемді эпопея жазуға болады. Ол жайында бүгінге дейін бірқатар дүниелер жарық көрді, әлі де жарық көретініне күмәнім жоқ. Евней 7-8 сыныптарда оқып жүріп-ақ А.Пушкиннің «Тас мейман» трагедиясын қазақ тіліне аударған. Студенттік жылдарында ол И.Васильенконың «Артемка» әңгімесін, Эмиль Золяның әңгімелері мен повестерін, И.Вазовтың «Бұғауда» романын ана тілімізде сөйлетті. Сонау 1953 жылы аспирант болып жүріп, «Сын және библиография» деген мақаласымен жарық етіп көрінді. Ол бұл мақаласында сыншылардың өзі сынап отырған шығарманы тарихи кезеңмен және автордың өмірбаянымен байланыстыра алмауын, барлық қазақ және орыс әдебиетімен

салыстырғандағы шеберлік деңгейін бағалай алмауын сын тезіне алады. Қазақ прозасының классигі Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы туралы мақаласы да автордың әдебиет әлеміндегі орнын бірден айшықтап берді. Бұл мақаланы Мәскеудің Ленин атындағы кітапханасында студенттік жылдары оқыған мен әзірге беймәлім автордың қалам сілтесіне таңданған едім. Кейіннен осындағы жерлес студенттер оның есімін мақтаныш тұтатын болдық.

Евней Арыстанұлы 1950 жылы институтты үздік бітіргендіктен, студенттік жылдарының өзінде ғылымға бейімділігін байқатқандықтан аспирантураға қалдырылады. Ғылыми жұмысын барынша өрістете түседі. Осы жылдары ол аудармашы және әдеби сыншы ретінде де таныла бастайды. Театр қойылымдары мен актерлер шеберлігі туралы да жазады. Маяковскийдің «Қандала» және «Шалбарлы бұлт» поэмаларын қазақ тіліне тамаша етіп аударды. Бұл еңбектер әдебиет әлеміндегі қаламгерлерді Евекеңнің талантты жазушы әрі аудармашы екендігін мойындатады. Е.Бөкетовтің әдеби-сын өмірінде тамаша ақын Ж.Молдағалиевтің «Өз көкжиегімде қаламын» жинағына қазақ және орыс тілдерінде жазған рецензиялары айрықша орын алады. Кейіннен «Жарқын тағдыр уақыты» (Ғылыми қызметкердің жазбалары) деректі повесі «Простор» журналының №8 және 9 сандарында жарық көрді. Сергей Есениннің өлеңдері мен «Анна Снегина» және В.Маяковскийдің «Жақсы» поэмаларын аударды. Е.Бөкетовтің әдеби шығармашылығы туралы сол кезеңдегі танымал сыншы, академик М.Қаратаев оң бағасын берген болатын. 1955-57 жылдары мерзімді басылымдарда оның С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», Ә.Тәжібаевтың «Майра», З.Шашкин мен М.Гольблаттың «Тоқаш Бокин» және Ш.Құсайыновтың «Кеше және бүгін» пьесалары туралы рецензиялары жарық көрді.

Орыстың тамаша ақыны Владимир Солоухиннің мынадай нақылы бар: «Жазушы мен суреткер үшін оларға керемет марапат ретіндегі дәл тауып айтылған анықтама - ол зерттеуші». Е.Бөкетов көрнекті ғалым ретінде жан-жақты зерттеуші, ал тамаша жазушы ретінде де ол Шоқан Уәлиханов, Дмитрий Иванович Менделеев, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев және Мұқтар Омарханұлы Әуезов секілді ұлыларды зерттеуші болып қала береді.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге де белгілі «Түйе қомында туған адам және оның замандастары» повесінде автор көшпенділер өмірін жан-жақты суреттеп береді. Түйе қомында туған адам, Қазақстанның бұрынғы денсаулық министрі, көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, публицист Ишанбай Қарақұлов болатын.

Е.Бөкетовтің барлық әдеби еңбектерін санап шығу қажет емес болар. Ол өзі де, оқырман да рухани ләззат алу үшін жазған. Жақсы жазушыларды «табиғат бере салған талант» дейді. Ғылыммен, директорлық жұмыспен, қоғамдық қызметпен беріле айналысқан ол әдеби шығармашылықтан да қол үзбеген. Әйтпесе ол табиғат берген талантымен тамаша жазушы да, ақын да болар ма еді. Р.Ролланның «Осы заманғы ғалымдар - бұлар шын мәніндегі ақындар» дегені осы Евней Арыстанұлына арналып айтылғандай.

Ол әдеби салада Абай мен Әуезовтен, ал ғылым саласында Менделеев пен

Сәтбаевтан үйренді. Сондықтан Сәтбаевтың ғылыми өмірі ол үшін таңсық емес. Ол ғалымның ғұмырнамасын бүге-шігесіне дейін зерттеген, ұстазы жайында Әуезовтің «Абай жолы» секілді көркем шығарма жазбақ та болған. Ал, осындай кең көлемді еңбек жазуға оның қабілет-қарымы да, білімі де жететін еді. Бөкетовтің тілі әдемі де құнарлы, бай да кестелі.

Өкінішке қарай, үлкен жүректі адамның өмірі қысқа болды. 1983 жылы 58 жасында қазақ халқының ардақты ұлдарының бірі Евней Арыстанұлы Бөкетовтің жүрегі соғуын тоқтатты. Осы бір қайғылы хабар бүкіл Қазақстан мен Кеңестер Одағының ғылыми әлемін лезде шарлап кетті. Сол бір қаралы күндері СОКП ОК делегациясының құрамында шетелдерде іссапарда жүрген едім. Қоштаса алмадым, сондықтан да ол қымбатты бауыр, дос және ақ көңіл ұстаз ретінде әлі де тірі жүрген секілді қасымызда. Ара-тұра сонау алыстан күлімсіреп тұрған бейнесін көріп жүремін...

Академик Е.Бөкетовтің қайтыс болғандығы туралы хабар КСРО Ғылым академиясына жеткенде, Социалистік Еңбек Ері, КСРО ҒА физикалық химия институтының директоры, академик В.Спицын тосыннан жеткен суық хабарға абдырап қалып былай деген екен: «Неге ол қайтыс болады? Келесі аптада ол Ғылыми кеңесте, содан кейін КСРО ҒА Президиумында баяндама жасауы керек еді ғой». Әңгіме Е.Бөкетовтің төменгі сортты қазақстандық көмірді мотор отынына айналдыру, басқаша айтқанда көмірді мұнайға гидрогенизациялау мәселесі туралы екен. Осы бір ғажап ой оның екінші ғаламат ісі болатын, оны төтеден келген ажалдың кесірінен аяқтай алмады. Шынында, ресми құжаттарға сүйенер болсақ, 1984 жылдың қаңтарында жоғары одақтық ғылыми деңгейде оның баяндамасын тыңдау жоспарланған екен. Демек, Е.Бөкетовтің идеясы «жай ғана профессорлық арман» ғана емес, бүкіл адамзаттың мүддесін қозғайтын орасан зор іс болғаны ғой.

Евней Арыстанұлы өмірінің соңына дейінгі мақсаты бір-бірімен тығыз байланысқан табиғи массадан химиялық әсер ету жолымен барлық элементтерді босату арқылы табиғат құпиясын тереңнен меңгеру болатын. Осы жолда ол тамаша табыстарға жетті де. 1954 жылы ол кандидаттық диссертациясын молибденді алу және оның химиялық анализ проблемасына арнаса, докторлық диссертациясында (1966 жыл) мыс электролиттерінің шөгінділерінен селен мен теллунды айыру мәселелерін «шөмішкедей» шағады. Оған Балқаш кен-металлургия комбинатының мыс концентраттарын кешенді өңдеу технологиясын жасау мен енгізуге қатысқаны үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Евней Арыстанұлының осындай өзекті мәселелерді зерттеуі оны Қазақстан металлургия химиясының білгірі әрі түсті металлургия саласының білікті ғалымы деңгейіне көтерді.

Ол Балқашта да, Жезқазғанда да үлкен құрметке ие болды. Осындай сан-салалы ғылыми бағыттан хальногендер мен хальногенидтер химиясы мен технологиясы атты ерекше тақырып дараланып шықты. Академиктің монографиясы да осы тақырыпқа арналған болатын. Сонымен қатар электролиттен мышьякті алу тақырыбы да ғылым әлемін таңқалдырған тақырыптардың бірі еді. Көмір химиясы саласы да оның ғылыми еңбектерінің шыңына айналды.

Евней Арыстанұлы Қазақстан ҒА металлургия институтының директоры қызметінде 12 жыл болған кезінде осы ғылыми мекеме «хальногендер мен хальногенидтер химиясы мен технологиясы» тақырыбы бойынша бүкіл одақ мойындаған ғылыми мектеп деңгейіне көтерілді. Осы мектептің басшысы ретінде директор-академик 9 ғылыми монография қалдырды, шәкірттерінің 14 монографиясы өзінің тікелей басшылығымен жарық көрді, 242 ғылыми еңбекті өз әріптестерімен және оқушыларымен бірлесіп жазды, 100 авторлық құқықалды, жекелеген жаңалықтары үшін АҚШ-тың, Францияның, Англияның, Канаданың, Австралияның, Италияның, Германия мен Жапонияның патенттерін алды. Көптеген ғылыми жаңалықтары мен өнертапқыштық ұсыныстары өндіріске енгізілді, бүгін де көптеген кірістер әкелуде. Е.Бөкетовтің басшылығымен 61 маман кандидаттық диссертация қорғады, олардың 22-сі ғылым докторы болды, өзі жетекшілік жасаған 9 шәкірті академик қайтыс болғаннан кейін ғылым кандидаты атанды.

Оның шәкірттері мен әріптестері академиктер М.Журинов, З.Молдахметов, А.Қошанов, профессор В.Малышев Қазақстанның көрнекті ғалымдары болды. М.Журинов жуырда ғана «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бірінші президенті болып сайланды. Академик Ғ.Мүсірепов, И.Шухов, Ғ.Мұстафин, Ж.Бектұров, С.Никитин секілді жазушылармен, академик Ш.Есеновпен, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Д.Ешпановпен және еліміздің көптеген таңдаулы азаматтарымен достық қарым-қатынаста болды. Евней Арыстанұлының достары мен сырластарын түгелдеп шығу мүмкін емес. Олардың барлығы да Евней Арыстанұлын құрметтеуден танған жоқ.

2005 жылы академик Евней Арыстанұлының туғанына 80 жыл толады. Халықтың сүйікті ұлын, сан қырлы талант иесін құрметтейтін және оны білетін замандастары - ақсақалдар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевқа академик Е.Бөкетовтің есімін мәңгілікке есте қалдыруға байланысты бірқатар шаралар жөнінде ұсыныстар жасады. Олар Қарағанды қаласында ғалымға ескерткіш орнату, оның ғылыми және әдеби еңбектерінің толық жинағын шығару және ҚарМУ-дегі мұражайына мемлекеттік мәртебе беру секілді шаралардан тұрады. Біздің ұсыныстарымызды қарағандылықтар да, бүкіл қазақстандықтар да қолдайтынына сенімдіміз. Ал осы салтанаттардың көрнекті ғалымның, танымал жазушының, жоғары мектеп пен ғылымды білікті ұйымдастырушының және қазақтың үлкен жүректі азаматының есіміне лайық өтуіне барша қазақстандықтар атсалысады деген үміттеміз.